

Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 455 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 7 қарашада № 2791 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 203 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 16.04.2014 № 203 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 18 бабының 2) тармақшасына, 238 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына және Құрманғазы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 шілдедегі № 186-V "Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесімен келісу туралы" шешіміне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес аудандық бюджеттен қаржыландырылатын ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Мусаға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *А. Баракатов*

" К е л і с і л д і "

Құрманғазы аудандық мәслихатының

XVIII сессиясының төрағасы *Ш. Жәлелов*

Құрманғазы аудандық мәслихатының хатшысы *Р. Сұлтаняев*

Аудан әкімдігінің

2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 455

қаулысына қосымша

Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі

Әлеуметтік қамсыздандыру мамандары лауазымдары:

мамандар (бас, аға), оның ішінде: күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

Білім беру мамандары лауазымдары:

мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы (мектепке дейінгі мемлекеттік мекемеден және қазыналық кәсіпорынан басқа);

мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның б а с ш ы с ы ;

жалпы орта білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және орта білімнен кейінгі білім, қосымша білім берудің басқа да ұйымдарындағы директордың (бастықтың) оқу ісі, оқу-тәрбие, тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары; әдістемелік кабинет басшысы; интернат, кітапхана, шеберхана меңгерушісі;

мамандар (бас, аға): оның ішінде: барлық мамандықтағы мұғалімдер мен дәрігерлер, тәрбиеші, әдістемеші, үйірме жетекшісі, музыкалық жетекші, алғашқы әскери даярлық жетекшісі, қосымша білім педагогы, жетекші, нұсқаушы, өндірістік оқыту шебері, еңбек жөніндегі нұсқаушы (білім беру ұйымдарында), әлеуметтік педагог, психолог, педагог-ұйымдастырушы, тілдері мүкіс балалармен жұмыс істейтін мұғалім (оқу орындарындағы тілдері мүкіс балалармен жұмыс істейтін мұғалім), кеміс балалармен жұмыс істейтін мұғалім (дефектолог), педагог-психолог, медициналық бике, кітапханашы, емдәм бикесі.

Мәдениет мамандары лауазымдары:

мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы; мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары; мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын бөлімшесінің, филиалының б а с ш ы с ы ;

к ө р к е м д і к ж е т е к ш і ;

кітапхана, клуб меңгерушісі;

әдістемелік кабинеттің әдістемешісі;

мамандар (бас, аға), оның ішінде: аккомпаниатор, әртіс, кітапханашы, редактор, режиссер, менеджер, солист, библиограф, режиссердің көмекшісі, дыбыс режиссері, мәдени ұйымдастырушы, әдістемеші, барлық атаудағы суретшілер, дирижер, концертмейстер, музыкалық жетекші, үйірме жетекшісі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК